

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 жылғы 4 шілде
Нұр-Сұлтан қаласы

№ *300-НҚ*
қала Нұр-Сұлтан

**2022 жылғы 7 – 29 шілде аралығындағы
аттестаттау және біліктілік санаттарын
беру рәсімін өткізу, 2022 жылы білім
беру ұйымдары педагогтерінің ұлттық
біліктілік тестілеуін ұйымдастыру және
өткізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек Кодексінің 23-бабы 1-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына (ҚР БҒМ-нің 12.11.2021 жылғы № 561 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар *енгізілген*), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 8 сәуірдегі № 146 бұйрығына сәйкес Ұлттық біліктілік тестілеуді (бұдан әрі – ҰБТ) ұйымдастыру және өткізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. ҰБТ-ны 2022 жылғы 7 шілде мен 29 шілде аралығында «U-FUTURE» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен (бұдан әрі – «U-FUTURE» ЖШС) бірлесіп, төмендегі білім беру ұйымдарының педагогтарына ұйымдастырылсын және өткізілсін:


- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары;
- білім беру ұйымдарының әдіскерлері (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерінен басқа);
- жалпы орта білім беру ұйымдары;
- қосымша білім беру ұйымдары (интернаттық ұйымдардың, жатақханалардың тәрбиешілері, арнайы ұйымдардың тәрбиешілері үшін);
- білім беру ұйымдарының (оның ішінде әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары(жалпы білім беретін пәндер бойынша педагогтер, жалпы кәсіптік және арнайы, жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер бойынша);

2022 жылғы 7 - 29 шілде аралығындағы аттестаттау және біліктілік санаттарын беру рәсімін өткізу, 2022 жылы білім беру ұйымдары педагогтерінің ұлттық біліктілік тестілеуін ұйымдастыру және өткізу туралы

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ


ЕНГІЗЕДІ:

Орта білімдегі тестілеуді ұйымдастыру және өткізу ГӨЗ-ның меңгерушісі



Р.Зиядин
«__» __ 2022 ж.

КЕЛІСЕДІ:


Ұлттық біліктілік тест тапсырмаларын қалыптастыру басқармасы басшысы


Т.Ерсултанова
«__» __ 2022 ж.


Мемлекеттік құпияларды қорғау бөлімінің басшысы


Е.Сағымбай
«__» __ 2022 ж.


Шаруашылық басқармасының басшысы


А.Артыков
«__» __ 2022 ж.

Ақпараттық технологиялар басқармасының басшысы



Т.Нурмаганбетов
«__» __ 2022 ж.

Ақпараттық қауіпсіздікке жауапты - аға сарапшы маман



Е.Тілеген
«__» __ 2022 ж.

КЕЛІСЕДІ:


Директордың орынбасары


А.Жұмабекова
«__» __ 2022 ж.


Директордың орынбасары


Ғ.Досмахамбетұлы
«__» __ 2022 ж.


Директордың орынбасары


М.Даненов
«__» __ 2022 ж.


Директордың орынбасары


Ф.Сұлтабаев
«__» __ 2022 ж.

Қаржы басқармасының басшысы


А.Егимбаева
«__» __ 2022 ж.


Әкімшілік басқармасының басшысы


К.Алдонгаров
«__» __ 2022 ж.

Заң бөлімі басшысының міндетін атқарушы


Ж.Адаева
«__» __ 2022 ж.

Орынд.: М. Нурланов



– педагогикалық (мамандықтар) бағыттар бойынша техникалық және кәсіптік, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, тәжірибесі жоқ кандидаттар үшін.

2. Ақпараттық технологиялар басқармасы (М.Даненов):

– ҰБТ-ны өткізу үшін бағдарламалық жабдықтауды әзірлесін және техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етсін;

– ҰБТ-ны өткізу үшін тиісті бағдарламалық жабдықтаумен «U-FUTURE» ЖШС-ін қамтамасыз етсін;

– Тест тапсырмаларының қорын сүйемелдеу бөлімі (М.Каргалдаева) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілер, білім беру ұйымдарының (оның ішінде әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары, педагогикалық (мамандықтар) бағыттар бойынша техникалық және кәсіптік, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, тәжірибесі жоқ кандидаттары үшін ҰБТ-ға арналған тест тапсырмаларының HTML форматтағы нұсқаларын қалыптастырсын;

– Мемлекеттік құпияларды қорғау бөлімінің (Е.Сағымбай) сүйемелдеуі мен тест тапсырмалары файлын HTML форматында Бағдарламалық жабдықтауларды әзірлеу бөліміне (Р.Алибеков) тапсырсын;

– ҰБТ өткізуге арналған және республикалық апелляциялық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қарауына келіп түскен өтініштердің электрондық бағдарламасын сүйемелдесін;

– Ұлттық тестілеу орталығының (бұдан әрі – Орталық) 604-кабинетінде Комиссия жұмысына қажетті 60 компьютермен және жергілікті желі, 2 принтермен қамтамасыз етсін;

– тестілеудің статистикалық мәліметтерін тестілеу аяқталған күні және апелляция қорытындысын қоса алғандағы күнделікті статистиканы, сонымен қатар қорытынды статистиканы 2022 жылғы 12 тамызға дейін Тестілеуді ұйымдастыру және өткізу басқармасына (К.Баимбетова) ұсынсын.

3. Мемлекеттік құпияларды қорғау бөлімі (Е.Сағымбай) HTML форматтағы тест тапсырмалары файлын, қалыптастырылған дұрыс жауаптар кодын Ақпараттық технологиялар басқармасына (М. Даненов) тапсырсын.

4. Ақпараттық қауіпсіздік маманы - аға сарапшы (Е. Тілеген):

1) ақпараттық қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз етсін;

2) тестілеу кезінде техниканың техникалық ақауын анықтау актісі негізінде жедел шешім қабылдасын;

3) тестілеу барысындағы орын алған техникалық ақау кезінде тестілеу уақытын ұзарту бойынша шешім шығаруды Ақпараттық технологиялар басқармасымен бірге ұйымдастырсын;

4)тестілеу жүйесіне араласу әрекеті және тестілеуден өтуге байланысты өзге де бұзушылықтар орын алған жағдайда тестілеу администраторлары мен Тестілеуді ұйымдастыру және өткізу басқармасы (К.Баимбетова) қызметшілерінің одан кейінгі іс-әрекеттерін басқарсын.

5. Тестілеуді ұйымдастыру және өткізу басқармасы (К.Баимбетова):

- облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларын ҰБТ-ға өтініш беру нұсқаулығымен қамтамасыз етсін (слайд, нұсқаулық);

- филиал қызметшілерін тестілеу әкімшілері ретінде тестілеуге бөлсін;

- тестілеу әкімшілері ҰБТ технологиясы бойынша оқытуды ұйымдастырсын, қажетті ақпараттармен және нұсқаулық құжаттармен қамтамасыз етсін;

- «U-FUTURE» ЖШС-ның U-Study аймақтық тестілеу орталықтарындағы ҰБТ барысын сүйемелдесін;

- ҰБТ-ға өтініш қабылдау кезеңінде Ақпараттық технологиялар басқармасымен (М.Даненов) бірлесе отырып, ҰБТ деректер қорына түзету енгізу жұмыстарын жүргізісін;

- ҰБТ барысын ахуалды орталық арқылы бақылау жүргізілуін ұйымдастырсын;

- ҰБТ өту барысы туралы күнделікті жедел ақпаратты дайындасын;

- аудиторияда тәртіп ережесін бұзғаны жәнетыйым салынған заттарды пайдаланғаны үшін ҰБТ нәтижесі жойылған педагогтердің актілерін жинасын;

- ҰБТ-ның статистикалық мәліметтерін күнделікті тестілеу аяқталған күні және апелляция қорытындысын қоса алғандағы жалпы статистиканы ағымдағы жылғы 17 тамызға дейінгі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім комитетіне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Техникалық және кәсіптік білім департаментіне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментіне жолдасын.

6. Ұлттық біліктілік тест тапсырмаларын қалыптастыру басқармасы (Т.Ерсултанова):

- ҰБТ тест тапсырмаларын дайындасын;

- ҰБТ нәтижелерімен келіспеген аттестатталушы тұлғалардан түскен өтініштерді қарастырып, шешім шығару үшін құрылған Комиссияның жұмысын Нұр-Сұлтан қаласы Орталық ғимаратында, сонымен қатар, Алматы, Қарағанды, Тараз қалаларының білім беру ұйымдарында 2022 жылғы 13 шілде – 5 тамыз аралығында ұйымдастырсын;

- Осы бұйрықтың 2 - қосымшасына сәйкес 2022 жылғы 31 шілде – 6 тамыз аралығында Орталық қызметшілерін Алматы, Қарағанды, Тараз қалаларына іссапарға жіберілсін;

- Комиссия жұмысын сүйемелдесін;

- Комиссия жұмысын Орталықтың 604-кабинетінде өткізсін;

– осы бұйрықтың 1, 3, 4 -қосымшаларына сәйкес Комиссия мүшелерімен қызмет көрсету шарттарын жасасын;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 8 сәуірдегі №146 бұйрығының 8-тармағы 11) -тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім комитетіне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Техникалық және кәсіптік білім департаментіне Комиссияның жұмысы аяқталғаннан кейін қорытынды есепті және статистикалық мәліметтерді (апелляцияны ескере отырып) ағымдағы жылғы 17 тамызға дейін жіберсін.

7. Қаржы басқармасы (А.Егимбаева):

203 «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету» республикалық бюджеттік бағдарламасы, 109 «Техникалық және кәсіптік білім беру сапасына сырттай бағалау жүргізу» кіші бағдарламасы есебінен:

– 1-қосымшаға сәйкес Комиссия мүшелерінің қызмет көрсету ақыларын жасалған қызмет көрсету шарттары негізінде орындалған жұмыстар актісі бойынша, сонымен қатар 2022 жылғы 11 ақпандағы №56-НҚ бұйрығына сәйкес іс-шараларға жұмылдырылған уақыттағы шығындарын өтесін;

– 2- қосымшаға сәйкес Орталық қызметшілерінің іссапар, жол шығындарын төлесін;

099 «Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы, 113 «Білім сапасына сырттай бағалау жүргізу» кіші бағдарламасы есебінен:

– 3-қосымшаға сәйкес Комиссия мүшелерінің қызмет көрсету ақыларын жасалған қызмет көрсету шарттары негізінде орындалған жұмыстар актісі бойынша, сонымен қатар 2022 жылғы 11 ақпандағы №56-НҚ бұйрығына сәйкес іс-шараларға жұмылдырылған уақыттағы шығындарын өтесін;

098 «Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруге қолжетімділікті қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы, 102 «Мектепке дейінгі білім беру саласындағы әдістемелік қамтамасыз ету» кіші бағдарламасы есебінен:

– 4-қосымшаға сәйкес Комиссия мүшелерінің қызмет көрсету ақыларын жасалған қызмет көрсету шарттары негізінде орындалған жұмыстар актісі бойынша, сонымен қатар 2022 жылғы 11 ақпандағы №56-НҚ бұйрығына сәйкес іс-шараларға жұмылдырылған уақыттағы шығындарын өтесін.


Комиссия мүшелерінің жұмысына қолданылған материалдарды Шаруашылық бөлімінің басшысы (А. Абдибеков) есебінен шығарсын.

8. Филиал қызметшілері:

– 2022 жылғы 7-29 шілде аралығында өткізілетін тестілеуге жергілікті филиал қызметшілерін тестілеу әкімшілері ретінде жұмылдырылсын;

– ҰБТ өткізу туралы нормативтік-құқықтық актілермен, нұсқаулықтармен және қажетті материалдармен таныссын;

– тестілеуді ҰБТ-ны ұйымдастыру және өткізу технологиясына сәйкес ұйымдастырсын;



– 2022 жылғы 5 тамызға дейін ҰБТ-ны ұйымдастыру және өткізу бойынша атқарылған жұмыстары туралы есеп дайындасын және Орталыққа ұсынсын.

9. Шаруашылық басқармасы басшысы (А.Артыков):

Комиссия мүшелерін кабинетпен және осы бұйрықтың 7-қосымшасына сәйкес қажетті кеңсе құралдарымен қамтамасыз етсін.

10. Орталық қызметшілерін 7-қосымшаға сәйкес 2022 жылғы 16, 23, 24, 30, 31 шілде демалыс күндері жұмысқа тартуға және Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 85-бабының 2 тармағы мен 109-бабы бойынша еңбекақы төлеуге рұқсат берілсін.

11. Орталық филиалы қызметшілерін 5-қосымшаға сәйкес және Орталық қызметшілерін 7-қосымшаға сәйкес 2022 жылғы 7 шілде - 5 тамыз аралығындағы күндері жұмыс уақытынан тыс Еңбек кодексінің 78 бабына сәйкес 2 сағатқа (сағат 07.00 - 20.30) жұмысқа жұмылдыруға және қосымша еңбек ақы төлеуге рұқсат берілсін.

12. Тестілеу барысында штаттан тыс жағдайлар бойынша шешім қабылдау мақсатында осы бұйрықтың 8-қосымшасына сәйкес құрамы бекітілсін.


13. Директордың орынбасары (А.Жумабекова) өз құзіреттеріне жүктелген іс-шаралардың атқарылуын қамтамасыз етсін.

14. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

15. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 8 сәуірдегі № 146 бұйрығы.

Директор



Р. Емелбаев

